

## Көпқабатты тұрғын үйлердегі өрт қауіпсіздігі: тәртіп, жауапкершілік, бақылау!

Көпқабатты тұрғын үй – бұл жай ғана қабырғалар мен шатыр емес. Бұл – ондаған отбасы, ортақ инженерлік желілер, бірлескен эвакуация жолдары және ортақ жауапкершілік. Бір пәтердегі салғырттық бүкіл подъезге қауіп төндіруі мүмкін. Қарапайым қағида бар: бір адамның қателігі – барлығына қауіп.

### Өрттің негізгі себептері

Тәжірибе көрсеткендей, негізгі себептер өзгермейді:

- отпен абайсыз жұмыс істеу (темекі шегу, ашық от қолдану);
- электр желілерін шамадан тыс жүктеу;
- ақаулы тұрмыстық электр құралдары;
- балалардың отпен ойнауы;
- газ жабдықтарын пайдалану талаптарын бұзу.

Жылыту маусымында электр жылытқыштарды ретсіз қосу жағдайлары жиілейді. Бір розеткаға бірнеше қуатты құрал қосу – қысқа тұйықталуға тікелей жол.

### Өр тұрғын білуге және сақтауға міндетті талаптар

- Эвакуация жолдарын бөгемеу. Баспалдақ алаңдары, дәліздер, тамбурлар – қойма емес. Өрт кезінде әр секунд маңызды.
- Электр сымдарының жай-күйін бақылау. Розеткалардың қызуы, күйік иісі байқалса – дереу электр қуатын ажыратып, маман шақыру қажет.
- Жанғыш сұйықтықтарды жертөледе немесе балконда сақтамау.
- Автономды өрт хабарлағышын орнату. Құны қымбат емес, бірақ түнгі уақытта өмірді сақтап қалуы мүмкін.
- Балаларға түсіндіру. Сіріңке мен оттық – ойыншық емес.

### ПИК/ОСИ және басқарушы ұйымдардың міндеттері

Жүйелі жұмыс формалды есеппен емес, нақты бақылаумен өлшенеді:

- өртке қарсы автоматика жүйелерінің

жарамдылығы;

- ішкі өрт сөндіру жүйесінің (өрт крандары) жұмысқа қабілеттілігі;
- өрт гидранттарына қолжетімділік;
- түтін шығару жүйесінің техникалық қызметі;
- өрт техникасының еркін кіріп-шығуына жағдай жасау;
- эвакуациялық жарықтандырудың тұрақты жұмыс істеуі.

- егер жүйелер уақтылы қызмет көрсетілмесе, төтенше жағдайда олар іске қосылмайды. Ал бұл – тікелей қауіп.

### Өрт шыққан кездегі іс-қимыл алгоритмі

- Дереву 101 немесе 112 нөміріне хабарлау.
- Көршілерді ескерту.
- Мүмкіндік болса, электр қуатын ажырату.
- Лифтіні пайдаланбай, ғимараттан шығу.
- Түтін кезінде еңкейіп қозғалу, тыныс жолдарын дымқыл матамен қорғау.
- Ең бастысы – сабыр сақтау және жеке заттар үшін қайта кірмеу. Құжат қалпына келеді, өмір қайтып келмейді.

### Қорытынды

Өрт қауіпсіздігі – тексеріс үшін ғана емес, күнделікті тәртіп. Көпқабатты үй – біртұтас жүйе. Бір әлсіз буын бүкіл құрылымның қауіпсіздігіне әсер етеді.

Алдын алу шаралары әрқашан салдарын жоюдан арзан әрі тиімді. Әр тұрғын талаптарды сақтаса, қауіп деңгейі едәуір төмендейді.

Қауіпсіздік өрт сөндіру көлігі келген сәттен емес, әр адамның жауапкершілігінен басталады.

### Берлі ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

## Пожарная безопасность в многоквартирных домах: дисциплина, ответственность, контроль!

Многоквартирный дом – это не просто стены и крыша. Это десятки семей, общие инженерные сети, единые пути эвакуации и, по сути, коллективная ответственность. Один окурочок на балконе – и риски масштабируются на весь подъезд. Здесь работает простое правило: халатность одного – угроза для всех.

### Основные причины пожаров

По статистике, ключевые факторы остаются неизменными:

- неосторожное обращение с огнем (курение, свечи);
- перегрузка электросетей, использование самодельных удлинителей;
- неисправные бытовые приборы;
- детская шалость с огнем;
- нарушение правил эксплуатации газового оборудования.

В отопительный период добавляется фактор электрообогревателей, подключенных «всё и сразу» в одну розетку. Электросеть дома не резиновая – автомат срабатывает не просто так.

### Что обязан знать и соблюдать каждый житель

- Не загромождать пути эвакуации. Лестничные клетки, коридоры, тамбуры – не склад для мебели и велосипедов. При пожаре каждая секунда решает.
- Контролировать электропроводку. При первых признаках нагрева розеток, запаха гари – отключить питание и вызвать специалиста.
- Не хранить легковоспламеняющиеся жидкости в подвалах, на балконах и в кладовых.
- Установить автономный пожарный извещатель. Стоит недорого, но способен разбудить ночью и выиграть время.
- Объяснить детям, что спички и зажигалки – не игрушка.

### Обязанности КСК/ОСИ и управляющих компаний

Системный подход начинается не с лозунгов, а с регламентов:

- исправность систем противопожарной автоматики;
- доступность пожарных гидрантов и стояков;
- свободный подъезд пожарной техники;
- рабочее освещение эвакуационных выходов;
- своевременное обслуживание дымоудаления.

### Алгоритм действий при пожаре

- Немедленно сообщить по телефонам 101 или 112.
- Оповестить соседей.
- По возможности отключить электричество.
- Покинуть помещение, не пользуясь лифтом.
- При задымлении – двигаться пригнувшись, заштитить органы дыхания влажной тканью.
- Главное – не паниковать и не возвращаться за вещами. Документы восстановят, жизнь – нет.

### Вывод

Пожарная безопасность – это не проверка ради отчета. Это ежедневная дисциплина. Многоквартирный дом – система, где слабое звено определяет устойчивость всей конструкции.

Профилактика всегда дешевле ликвидации последствий. И если каждый житель будет соблюдать элементарные требования, риск трагедии снизится кратно.

Безопасность начинается не с пожарной машины, а с сознательности каждого из нас.

### Отдел по чрезвычайным ситуациям Бурлинского района

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Пугачев ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ҚТҚ Пугачев ауылдық округі полигонына арналып жасалған ШНШ, ҚББ, ӨЭБ бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары жоспары бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

**Өткізу орны:** Батыс Қазақстан облысы, Берлі ауданы, Пугачев ауылы, Қазақстан көшесі, 18 (әкімдік ғимаратында)

**Өткізу күні мен уақыты:** 2026 жыл 10 сәуір сағат 12.00-де.

**Конференцияға онлайн қосылу:**

<https://us05web.zoom.us/j/9444274054?pwd=eTMrR1hscKhxcGd6Q29WQkZFUZwQT09&omn=86398521341>

**Конференция идентификаторы:** 944 427 4054

**Кіру коды:** L9RqKZ

Қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттармен келесі порталда танысуға болады [esportal.kz](https://esportal.kz), сондай-ақ Жергілікті атқарушы орган «Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтының «қоғамдық тыңдау» бөлімінің сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=ru> танысуға болады е-mail: [zko\\_forest@bko.gov.kz](mailto:zko_forest@bko.gov.kz).

**Бастамашы:** «Пугачев ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Берлі ауданы, Пугачев ауылы, Қазақстан көшесі, 18 БСН 050240006572, тел. 87113326021

**Орындаушы:** «Tabigat8» ЖҚ, Шымкент қ., 189-кв, 33-үй. тел. +77711515038. Email: [zhadra\\_140992@inbox.ru](mailto:zhadra_140992@inbox.ru).

«Пугачев ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ барлық тілек білдірушілерді қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады. Барлық мүдделі тұлғалар өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын келесі электрондық пошта мекенжайы бойынша енгізе алады: [zhadra\\_140992@inbox.ru](mailto:zhadra_140992@inbox.ru), [zko\\_forest@bko.gov.kz](mailto:zko_forest@bko.gov.kz)

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын қағаз жүзіндегі материалдармен Батыс Қазақстан облысы, Берлі ауданы, Пугачев ауылы, Қазақстан көшесі, 18 мекенжайы бойынша танысуға болады. Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға: +77711515038.

**Полигонның географиялық координатасы:**

Ендік: 51°12'28.7"N

Белдік: 52°53'18.5"E

## Объявление

ГУ «Аппарат акима Пугачевского сельского округа» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проектам НДВ, ПУО, Программа ПЭК, План мероприятий по охране окружающей среды для полигона ТБО Пугачевского сельского округа.

**Место проведения:** Западно-Казахстанская область, Бурлинский район, с. Пугачево, улица Казахстан, 18 (в здании акимата).

**Дата и время проведения:** 10 апрель 2026 года в 12:00.

**Подключиться к конференции**

<https://us05web.zoom.us/j/9444274054?pwd=eTMrR1hscKhxcGd6Q29WQkZFUZwQT09&omn=86398521341>

**Идентификатор конференции:** 944 427 4054

**Код доступа:** L9RqKZ

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться на Едином экологическом портале [esportal.kz](https://esportal.kz), а также на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=ru> Местного Исполнительного Органа ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Западно-Казахстанской области» e-mail: [zko\\_forest@bko.gov.kz](mailto:zko_forest@bko.gov.kz) в разделе «Общественные слушания».

**Инициатор:** ГУ «Аппарат акима Пугачевского сельского округа» адрес: ЗКО, Бурлинский район, с. Пугачево, улица Казахстан, 18 БИН 050240006572, тел. 87113326021

**Исполнитель проекта:** ИП «Tabigat8», г. Шымкент, 189 квартал, дом 33 тел. +77711515038. Email: [zhadra\\_140992@inbox.ru](mailto:zhadra_140992@inbox.ru)

ГУ «Аппарат акима Пугачевского сельского округа» приглашает всех желающих принять участие в общественных слушаниях. Все заинтересованные лица могут внести свои замечания и предложения, отправив их на электронную почту: [zhadra\\_140992@inbox.ru](mailto:zhadra_140992@inbox.ru), [zko\\_forest@bko.gov.kz](mailto:zko_forest@bko.gov.kz)

С материалами проекта в бумажном виде можно ознакомиться по адресу: ЗКО, Бурлинский район, с. Пугачево, улица Казахстан, 18. По всем вопросам обращаться по телефону: +77711515038.

**Географические координаты полигона:**

Широта: 51°12'28.7"N

Долгота: 52°53'18.5"E

2026 ж. 26 наурыздың сағат 19:00-де «Берлі көшесі» спорт алаңы аумағында, Ақсай қаласы Берлі көшесі мекенжайында БҚО Берлі ауданының «Аңшылар мен балықшылар қоғамы» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – Бірлестік) мүшелерінің жалпы жиналысы өткізіледі.

**Күн тәртібі:**

1. Бірлестіктің атауын өзгерту туралы Бірлестік Төрағасы Суюсанов А.И.

2. Бірлестік мүшелерін қайта тіркеуден өткізу Қатысу міндетті.

26 марта 2026 года в 19:00 на территории спортивной площадки «Берлі көшесі» по адресу г. Ақсай ул. Бурлинская состоится общее собрание членов общественного объединения «Общество охотников и рыболовов» Бурлинского района ЗКО (далее – Объединение).

**Повестка дня:**

1. О переименовании Объединения Председатель Объединения Суюсанов А.И.

2. О перерегистрации членов Объединения Явка обязательна.

Меншік иесі:  
«Жайық Пресс» ЖШС  
Бас директор  
Дархан ОРАЗОВ

«Жайық Пресс» ЖШС  
Берлі аудандық  
«Берлі жаршысы - Бурлинские вести»  
қоғамдық-саяси газетінің редакторы  
Дариха НҰРАШОВА

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің  
Ақпарат және мұрағат комитетінің берген  
куәлік нөмірі 15448-Г, берілген күні  
26.05.2015 жыл.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі  
редакцияның түпкілікті көзқарасы болып  
есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына  
жауап бермейді, оны қайтармайды.  
Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты.

Мекенжайымыз: 090100, БҚО, Берлі ауданы, Ақсай қаласы,  
Цвиллинг көшесі, 156 б. Телефондар: редактор 40-1-19, бұх. 30-4-56.  
Біздің электронды поштамыз: E-mail: [gazeta-bv@mail.ru](mailto:gazeta-bv@mail.ru)

А белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет «Жайық Пресс»  
медиахолдингіде компьютерлік  
әдіспен құрылып, беттелді.  
«Хабар-Сервис» ЖШС баспаханасында басылды.  
Ақтөбе қаласы, Т. Смағұлов к-сі, 9/2,  
телефон: 8 (7132) 400-400, 8 (7132) 545-545

Газет аптасына 1 рет,  
12 бет болып шығады.  
Таралымы 2244